


“Жамбыл атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталықпен” коммуналдық мемлекеттік мекемесі

*Тақырыбы: Дара және күрделі
сан есім*

4 “Б” сынып





Сабақтың өтілу моделі





Мақсаты

- 1. Оқушыларды дара және күрделі сан есіммен таныстыру, әр түрлі тапсырмалар орындату арқылы сан есімнің жасалу жолдарын түсіндіру.*
- 2. Оқушылардың ойларын, іскерлік белсенділіктерін дамыту..*
- 3. Оқушыларды қазақ тілін құрметтеуге, ұқыптылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.*

Психологиялық дайындық



*Қуанамын мен де,
Қуанасың сен де.
Қуанайық достарым
Арайлап атқан күнге.*

Үй тапсырмасы

6-жаттығу. Ребустың шешуіне құраған әңгімелерін оқыту.



Пікір алысу



8-наурыз



22-наурыз



Жаңа сабақ

- *7-жасттығу. “Мен- баласы даланың” өлеңін мәнерлеп оқу.*

Мен- баласы даланың

Бес жасында ат жсалында ойнаған,

Ақ шабақша Ертіс бойын бойлаған,

Жеті түнде бес жүз қойдың түс- кейпін,

Мен – баласы даланың,

Кең далама тартып туған баламын.

Есіңе сақта



Сан есім дара және күрделі болады.

Дара сан есім бір сөзден тұрады.

Күрделі сан есім екі немесе одан да көп сөзден құралады. Күрделі сан есімдердің құрамындағы сөздер бөлек-бөлек жазылады.

Ойын шарты:

Дара сан есімде бір рет шапалақтау,
күрделі сан есімде екі рет шапалақтау.



5, 7, 15, 400,
20, 19, 95, 30

Дәптермен жұмыс.

- *8- жаттығу. Сөйлемдердегі сандарды сөзге айналдырып көшіріп жазу. Сан есімдердің астын сыздыру. Сан есімнің дара немесе күрделі екенін айту.*

Кит – ең ірі жануар. Оның ұзындығы 30 метр, салмағы 120 тоннадай болады. Түйеқұс сағатына 120 км жүгіреді. Айдың көлемі Жерден 50 есеге жуық кіші. Емен өте ұзақ, яғни 1000 жылға дейін жасайды. Жусанның Қазақстанда 81 түрі белгілі.

- *9-жаттығу. Берілген сан есімді қатыстырып сөйлем құрау.*

Он бес


қырық жеті,

жүз алпыс бес

бір мың тоғыз жүз тоқсан бір.

- *10-жаттығу. Берілген сандарды сөзбен жазып, олардың дара немесе күрделі екенін дәлелдеу.*

9, 11, 27, 189, 640.



Сабақты қорыту





Үйге тапсырма



*Күнделікті енді ашайық,
Үй тапсырмасын жазайық.
Қазақ тілден алған білімді,
Ұмытпай есте сақтап алайық.
12-жастығу. Ережені жаттау.*





Назарыңызға рахмет!